

## Бала тәрбиесіндегі қателіктер

Эрниязова Зарнигор Зухридиновна  
Х.А. Яссауи атындағы жалпы орта мектебінің  
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Бала тәрбисі қай мемлекетте тұруына қарамастан, қай дін өкілі екендігіне қарамастан барлық ата-аналарды қызықтыратын процес екенін білеміз. Бірақ оның мінсіз жолы жоқ екендігін де біліп алғанымыз абзал. Мінсіз бала тәрбиелеу мүмкін емес, ол баланы өз өмірінде жіберген қателіктері тәрбиелейді. Ата-аналардың мақсаты ол жіберген қателіктерден сабақ алу керектігін балаларына ұғындыру болып табылады. Балаңызды тәрбиелеу барысында сіз өзіңіздің мінез-құлқыңыздағы ерекшеліктерді негізгі орынға қоясыз, бұл қателік болып табылады. Себебі сіздің өскен заманыңызбен балаңыз өсіп кележатқан заман екеуін салыстыруға да келмейді. Қарқынды дамып кележатқан мына заманмен балалар неге қызығады немен бос уақытын өткізеді, қандай хобби немесе ұнататын дүниелері барлығын біліп алу ата-аналарға өте қажет. Бала тәрбиесінде қандай кемшіліктер жіберетінімізді біз ата-аналар біліп алсақ болашақта оларды тәрбиесінің дұрыс жағына өзгеруіне үлкен үлес қосқан боламыз.

1. Балаларымызға керекті мөлшерде уақыт ажыратпаймыз. Балаңызбен соңғы рет ойын ойнағаныңызды есіңізге түсіріп көріңіз. Сылтаулар айтуыңыз мүмкін, жұмыс, сол балаларым үшін деп. Бірақ бала ол сылтауларыңызды түсінбейді. Балаңызға күніне кем дегенде 20 минут уақыт бөліп, онымен әке немесе ана сипетінде сөйлесіңіз.
2. Балалармен сөйлескен кезде смартфон, компьютер, теледидар немесе басқа да геджеттерге қарау үлкен қателік болып табылады. Балар ата-аналардың өздеріне көңіл бөлгендерін қалайды. Сұраған сұрақтарына да баланың көзіне қарап тұрып, оның көңіл күйіне мән беріп тұрып жауап беру керек.
3. Келесі қателік отбасында екінші немесе үшінші бала дүниеге келгенде басталады. Үлкен бала кіші балаға қызғаныш пен қарауы мүмкін. Себебі кіші перзент дүниеге келегнше ата-анасы көп уақытты үлкен балаға бөлген. Енді ата-анасының інісіне немесе сіңлісіне көп уақыт бөлгені ұнамайды. Ата-анасының көңілін өзіне аударуға тырысады. Сізді өзіне қаратуға және көңіл бөлуге әрекеттенеді, айхайлайды, ұрысуы мүмкін. Сол жағдайда ата-аналар балаларының көңілдерін қалдырмау қажет.
4. Ата-аналар балаларын біреулермен салыстара бастайды. Сенің қолыңнан келмейді ал көрішінің

баласы сенен кіші болса да істей алады деген сөзден бала өзін жолы болмайтын адам сияқты сезіне бастайды. Ендігі жағдайда оның бір нәрсе жасай қоюы бір талай.

5. Ата-аналардың арасында ұрыс немесе келіспеушіліктер бала тәрбиесіне өте үлкен әсері бар. Балаңыз барлық жағдайды естімесе де ата-аналарының бір-біріне қарым қатынастарынан ұғынады. Бала ата-анасының ұрыс-керістерінің барлығы менің кесірімнен деген түсінік пайда болады. Бұл жағдайда баланың психикасына кері әсер ететіндігін ұматпау керек.

6. Ата-аналардың өз қызығушылықтарын балаларының қызығушылықтарынан жоғары қою бала ойында қашан маған уақыт табады деген сұрақ қоюы мүмкін. Балаңыздың қызығушылықтарын анықтап, оларға көңіл бөлуге тырысыңыз. Сондағана балаңыз үлкен азамат болғанда да сіздің сөзіңізді тыңдап, айтқандарыңызды орындайтын болады.

7. Баланың қызығушылығын білмей тұрып ата-аналары сен адвокат боласың, мұғалім боласың немесе тағы басқа кәсіптерді баласының орнына таңдап қояды. Бұл үлкен қателік және бұл қателік үшін балаңыз өмір бойы қиналуы мүмкін. Өзі ұнатпаған жұмысқа бару тұтқында отырған адам сияқты уақыт өтпейтін болады.

8. Соңғы қателік бүгінгі күнде өте көп таралған. Мен өзім жетпеген нәрселеріме сен жетуің керек. Менің ата-анам маған көп мүмкіндік бере алмады. Мен саған барлығын беремін деген ойда ата-аналар баласын барлық секцияларға, барлық қосымша дайындық курстарына жібере бастайды. Баланың бала болуына уақыты қалмайды. 17-25 жасқа келгенде балаңыздың бойында депрессияның айқын белгілері пайда болады. Ол депрессия баланың өміріне балта шабуы мүмкіндігі өте жоғары деңгейді.

Осы келтірілген кемшіліктеріді ата-аналар өз баласының тәрбиесінде назарға алса, балаларыңыздың бақытты болып өсудегі мүмкіндіктері арта түсетіндігі анық. Балаңызға бақытты болашақ сыйлағыңыз келсе осы кеңестерден пайдалануға кеңес беремін.